

**"Табиғат қорғау заңдылығын бұзғаны және қоршаған ортаны ластандырғаны үшін төлемдерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" Нұсқауды бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 18 маусым N 693. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 5 қазанда тіркелді. Тіркеу N 925. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

42. "Табиғат қорғау заңдылығын бұзғаны және қоршаған ортаны ластандырғаны үшін төлемдерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 18 маусымдағы N 693 V990925\_ бұйрығы. -----

"Табиғат қорғау заңдылығын бұзғаны және қоршаған ортаны ластандырғаны үшін төлемдерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" Нұсқауды бекіту туралы

**Б ұ й ы р а м ы н :**

1. "Табиғат қорғау заңдылығын бұзғаны және қоршаған ортаны ластандырғаны үшін төлемдерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" Нұсқау қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін Нұсқау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Өндірістік емес төлемдер Департаментінің Директоры Х.Қ. Махашовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінен мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

# М и н и с т р

Б е к і т і л д і

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 18  
маусымдағы N 693 бұйрығымен

Қоршаған ортаны ластағаны және  
табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін  
төлемдерді есептеу мен енгізудің тәртібі туралы  
Н ұ с қ а у

## 1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Осы нұсқау "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 160-1 заңының Z970160\_ , "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1.04.99 жылғы N 357-1 Z990357\_ , 358-1 Z990358\_ заңының, "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының тиісті бюджет жылына заңының, "Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем алу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1.12.1998 жылғы N 1213 P981213\_ қаулысының негізінде әзірленген.

2. Қазақстан Республикасындағы табиғи ресурстар жалпы және арнайы табиғат пайдалануда орналасқан.

Жалпы табиғат пайдалану халықтың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру және азаматтар мен ұйымдарға табиғи ресурстарды бермей тегін жүзеге асырылады. Егерде бұл заңда тікелей көзделген болса, жалпы табиғат пайдалану бойынша шектеуге жол беріледі.

Арнайы табиғат пайдалану кезінде табиғи ресурстар табиғат пайдаланушыларға белгіленген тәртіпте беріледі. Арнайы табиғат пайдалану құқығы тұрақты не уақытша, иеліктен айыру немесе иеліктен айырмау, ақы үшін немесе тегін берілген, бастапқы немесе қайталама болуы мүмкін.

Арнайы табиғат пайдалану немесе шектелген табиғат пайдаланудың (сервитуттар) туу құқығы ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарымен а й қ ы н д а л а д ы .

3. Осы Нұсқауда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:  
қоршаған орта - табиғи объектілердің, оның ішінде тірі және тірі емес атмосфералық ауа, су, топырақ, жер қойнауы, жануарлар және өсімдік әлемін қоса жиынтығы, сондай-ақ олар әсер ететін климат;  
табиғат пайдалану - адамның шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи

ресурстарды

пайдалануы;

қоршаған ортаны ластау - қоршаған ортаға потенциалды қауіпті химиялық және биологиялық заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ қоршаған ортаға шудың, тербелістердің, магниттік аймақтардың және өзге де зиянды физикалық әсер етулердің ықпалы.

4. Табиғат пайдалануға лимиттер мен квоталар белгілі бір мерзімге табиғат пайдаланушылар белгілеген табиғи ресурстарды шекті пайдаланудың (алудың) қоршаған ортаға ластайтын заттардың тастамалары мен шығарып тастаулары, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мөлшерлері.

5. Табиғат пайдалануға рұқсат қоршаған ортаны қорғау саласында арнайы уәкілетті мемлекеттік орган табиғат пайдаланушыға беретін және табиғат пайдаланушының табиғи ресурстарды пайдалануға (алуға), қоршаған ортаға ластаушы заттарды лақтыруға және тастауға, нақты мерзімдері мен көлемдерін, табиғат пайдалану шарттары мен қолданылатын технологиялар нормаларын көрсете отырып өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға құқығын растайтын құжат болып табылады.

6. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 88-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында егер ол Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға қарсы келмейтін болса, шетел ұйымдары мен азаматтардың қызметіне жол беріледі немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісім-шарттарда бекітіледі.

## 2. Төлемдер құрамы

7. Қоршаған ортаны ластағаны және табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін төлемдер мыналардан тұрады:

- ластайтын заттар тастамалары (шығарып тастаулар), белгіленген лимиттер (нормативтік төлемдер) шегіндегі өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру үшін төлемдерден;

- ластайтын заттар тастамалары (шығарып тастаулар), белгіленген лимиттерден (нормативтен тыс төлемдер) жоғары өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру үшін төлемдерден;

- табиғат қорғау заңдарын бұзу нәтижесінде талап-қуынымдық тәртіпте алынатын қоршаған орта мен табиғи ресурстарға келтірілген залалдың орнын толтыру үшін қаражаттардан;

- өз уақытында аударылмаған төлемдер үшін айыппұл санкцияларының (өсімдерінің) сомасынан;

- авариялық тастамалары, ластайтын заттарды шығарып тастау үшін айыппұл төлемдерінен;

- табиғат қорғау заңдылығында жауапты лауазым иелері және табиғат қорғау заңдылығын бұзған кінәлі азаматтардан әкімшілік тәртіпте өндіріп алынатын айыппұл қаржыларынан;

- заңдарға қайшы келмейтін басқа да төлемдерден.

### 3. Төлемшілер

8. Қазақстан Республикасы аумағында арнайы табиғат пайдалану тәртібімен жүзеге асырылатын меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді қоршаған ортаны ластау көзінің (объектінің) орналасқан жері бойынша енгізеді.

9. Егерде заңды және жеке тұлғалардың қызметі басқа мемлекеттер аумағында жүргізілсе, бірақ Қазақстан Республикасының қоршаған ортасын ластауға әкеп соқса, онда осы қатынастан туындайтын салдар халықаралық шарттармен реттеледі.

### 4. Салық салынатын объектілер

10. Салық салынатын объектілер болып мыналар танылады:

- нормативтік тастамалар, ластайтын заттарды шығарып тастаулар, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға (белгіленген лимиттер шегінде) құқық; - нормадан жоғары тастамалар, қоршаған ортаға ластайтын заттарды шығарып тастаулар, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға (белгіленген лимиттен аса) құқық. 11. Белгіленген тәртіпте лимиттелетін қоршаған ортаны ластаудың түрлері: - тұрақты (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) және жылжымалы көздерден атмосфераны ластайтын тастамалар; - қоршаған ортаға ақпалы сулармен ластайтын заттардың тастамалары; - өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру, сақтау және көму; - табиғат қорғау заңдарында көзделген ластаудың басқа түрлері. 5. Төлемдердің ставкалары

12. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 160-1 заңының 29-бабына сәйкес қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдердің ставкаларына белгіленген лимиттер шектерінде жыл сайын Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жергілікті органдары есеп айырысады және Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісім бойынша облыстар (Астана және Алматы қалалары) әкімдері бекітеді. Бекітілген ставкалар белгіленген тәртіп бойынша салық қызметі органдарына және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы табиғат пайдаланушыларға есепті жылдан кейінгі жылдың 31

желтоқсаннан кешіктірмей жеткізіледі.

Қоршаған ортаны нормативтік ластау үшін төлемдерді табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны нақты ластау мөлшерлері үшін төлейді.

Нормативтер шегіндегі қоршаған орта үшін төлемдер өнімнің (жұмыс пен қызмет көрсетудің) өз құнына енгізіледі.

13. Нормативтен жоғары төлемдер бекітілген нормативтік ставкаларға еселік мөлшерде белгіленеді. Белгіленген нормативтерден асыру үшін төлемдердің алу еселігі Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі бекіткен бірыңғай әдістеме бойынша белгіленеді.

Егер табиғи ортаны ластау тастамалар (шығарып тастаулар) және қалдықтарды орналастыруға рұқсат белгіленген тәртіпте ресімделмей жіберілсе, ластайтын заттардың барлық массасы өз бетімен ластау деп қарастырылады және ол үшін төлем еселік мөлшерде алынады.

14. Төлемдер көлемдері шағын кәсіпорындар үшін (жиынтық жылдық көлемі 100 ең төменгі есепті көрсеткішке дейін) қоршаған ортаны қорғаудың облыстық (қалалық) қорлары төлемдерді есепті жылда алдын-ала толық төлей отырып, қоршаған ортаны ластағаны үшін лимит сатып алу нысанында жеткізуге жол беріледі.

## 6. Қоршаған ортаны ластағаны үшін есеп берудің және төлемдер енгізудің тәртібі

15. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер және табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін айыппұлдар бюджеттік классификацияға сәйкес бюджетке есептеледі.

16. Тоқсан, жарты жыл, тоғыз ай мен жыл аяқталғаннан кейін есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей табиғат пайдаланушылар орналасқан жері бойынша салық органдарына қоса берілген нысанға сәйкес төлемдер бойынша есептер береді. Есеп әрбір тоқсанға дербес жасалады.

Аталған есеп айырысуларды салық органдарына берместен бұрын олардың дұрыс жасалуын табиғат пайдаланушы қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті қорында анықтайды.

Қоршаған ортаны нақты ластау мөлшері үшін тиесілі соманы табиғат пайдаланушылар есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын енгізеді.

17. Табиғат қорғау заңдарын бұзуға кінәлі лауазымды және жеке тұлғаларға әкімшілік тәртіпте салынатын айыппұлдар бюджеттік классификацияның тиісті кодына Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте белгіленген тәртіпте өндіріп алынады.

18. Төлем төлеу қоршаған ортаны ластайтын көздің (объектінің) орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

19. Төлемшілер қызмет көрсететін банкке төлемдердің кезеңі мен түрін (ластану түрлері бойынша қуыным, айыппұлдар, нормативтік және нормативтен жоғары төлемдер және т.б.) міндетті түрде көрсете отыра 4 данада төлемдік тапсырыс береді. Бір дана қызмет көрсететін банкке қалдырылады, екіншісі төлемшіге қайтарып беріледі, қалған екеуі-салық органдары мен қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті қорына беріледі.

## 7. Жауапкершілік және бақылау

20. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңды бұзған кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауап береді.

21. Мемлекеттік бақылау барысында табылған және өндірістік есеп пен статистикалық есеп мәліметтерінде көрсетілмеген қоршаған ортаны лимиттен тыс, соның ішінде өз еркімен және авариялық ластау табиғат қорғау заңдарын бұзу болып табылады, талаптық-қуынымдық тәртіпте залалды (зиянды) өтеуге әк е п с о ғ а д ы .

21. "Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем алу Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы желтоқсандағы N 1213 қ а у л ы с ы н а с ә й к е с :

төлемдерді уақтылы енгізбегені үшін төлеген күнді қоса әрбір кешіктірілген күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде өсім есептеледі;

төлемдерді келесі есепті кезеңнен астам мерзімге кешіктіру төлемнен жалтару болып табылады, ол қолданылып жүрген заңдарға сәйкес талаптық-қуынымдық тәртіпте салық органдары қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті қорларымен бірге қарыздар мен өсімдерді алуына негіз береді;

табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаның ластану мөлшері туралы ақпаратты жасырып қалуы немесе бұрмалауы қолданылып жүрген қылмыстық, әкімшілік заңдарға сәйкес бұзушыларға жауапкершілік міндет жүктейді;

қоршаған ортаның ластануына төлемдердің дұрыс есептелуі, уақтылы аударылуы үшін бақылауды салық қызметі органдары және ластану объектісінің орналасқан жері бойынша қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті қорлары жү з е г е а с ы р а д ы ;

қоршаған ортаның ластануына лимиттерді және табиғат қорғау заңдарының талаптарын сақтау үшін бақылауды, айыппұлдарды өндіріп алуды Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары жүзеге асырады. 22. Салық органдары әрбір төлемшіге жеке шоттар ашады,

оларда төлемдер мен төленуге тиісті айыппұл санкцияларының есептелуін және олардың нақты түсуін көрсетеді. 23. Салық органдары және қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті қорлары тоқсан сайын 5-і күніне дейін салық төлеушілердің жеке шоттарындағы қосымша есептелген сомаларды көрсету үшін алдыңғы тоқсанға тексеріс актілерімен айырбас жасасады. 1999 жылдың \_\_\_\_\_ тоқсаны үшін табиғат қорғау қорына төлемдер есебі \_\_\_\_\_ заңды тұлғаның атауы, мекен-жайы, телефоны \_\_\_\_\_

Рет Ластайтын Өлшем Тастаманың Өлшем Оның Нормативті Норма. саны заттардың, бірлігі рұқсат бірлі. ішінде, тастама тивті өндірістік, етілген гін. норма. үшін тастама тұрмыстық нормативі дегі, дан ставка үшін қызмет қал. (өлшем нақты тыс (шыға. төлем дықтарының бірлігін. таста. рып сомасы атауы де шыға. ма тастау, (шыға. рып тас. (шыға. орналас. рып тас. тау, ор. рып тыру) тау, ор. наластыру) тастау, теңге. налас. орналас. мен тыру) тыру) теңгемен \_\_\_\_\_

таблицаның жалғасы \_\_\_\_\_ Еселік Нормадан Нормадан Жиынтық Нақты Есепті Өсіп отыратын коэф. жоғары жоғары тас. төлем төлем тоқсан жиынтықпен фициенті тастама тама үшін теңге. теңге. жиынтығы қарыз үшін став. төлем сома. мен мен бойынша ка (шыға. сы (шыға. қарыз рып тастау, рып тастау, орналас. орналас. тыру) тыру) теңгемен теңгемен \_\_\_\_\_

Кәсіпорын басшысы \_\_\_\_\_ Есеп қабылданды \_\_\_\_\_ қолы, аты-жөні СК қыз-ің лауазымы, аты-жөні Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ салық комитеті қолы, аты-жөні \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " қолы \_\_\_\_\_ М.О. Есепті қоршаған ортаны қорғау қорының \_\_\_\_\_ жергілікті өкілі тексерген \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ есепті тексерген тұлғаның лауазымы, аты-жөні, қолы Тексеретін органның мөр немесе мөртабаның орны Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.